



ЖАН САРАЙЫНА ЖОЛ ТАПҚАН ПСИХОЛОГ

Адам жанына үңіле білу әркімнің қолынан келе бермейді. Ол үшін аса жоғары сезімталдық, өзгенің ақыл-ойын зерделей білетіндей байқампаздық қажет-ақ. Ал, күйзеліске түскендердің жанына жалау болу тіптен қиын. Міне, кәсіби психолог үшін осының бәрін меңгеруден бөлек, жан тереңдігіндегі жараны тап басып таба білу шеберлігі де қажет-ақ. Шымкенттік танымал психолог Жұлдыз Мейірханқызы сондай кәсіби мамандардың бірі.

Оның психология саласына келуі кездейсоқ емес. Тағдыр оны із сынамады. Ауыр сынақтан жан дүниесінде терең жара да қалды. Уақыт өте келе сол жараны өзі емдеп жазды. «Мен психологияға жан жараммен келдім» дейді өзі.

2009 жылдан бастап психологияға қызығушылық танытып, адам жанының құпияларын зерттей бастаған Жұлдыз ханым 2016 жылдан бері кәсіби маман ретінде елге қызмет етіп келеді. Алайда, бұл жолдың бастауы оңай болған жоқ. Тұрмысқа шыққан соң жеті жыл бойы бала көтере алмауы оның жүрегіне ауыр салмақ салды. Үміт пен күдік қатар жүрген сол жылдарда ол түрлі мамандармен жұмыс істеді. Жанын жегідей жеген жараны түсініп, қалай бар солай қабылдауды үйренді.

Десе де Жұлдыз Мейірханқызы өзінің ішкі әлемін емдеудің ерекше жолын тапты. Ол өзі армандаған отбасын, ана бақытын картинаға түсіріп, сурет арқылы жан жарасын сыртқа шығарды. Дәл осы сәттен бастап оның психологияға деген қызығушылығы тереңдеп, психология саласын одан әрі зерттей бастайды. Өз жанын емдей алған ол, енді сол жолды өзгелерге де көрсетуге бел бұды.

Бүгінде Жұлдыз Мейірханқызы негізінен қорқыныштармен, жылдар бойы жиналған жан жараларымен жұмыс істейді. Оның клиенттерінің 90 пайызы – 30 бен 50 жас аралығындағы әйелдер. Олар психологқа бір күндік күйзеліс емес, көп жыл бойы іште сақталған ауыр жарамен келеді.

Психологтың айтуынша, қоғамда зорлық-зомбылық көрген қыз-келіншектер өте көп. Бұл – айық айтылмайтын, бірақ, салдары терең проблема. «Көп әйелдер басынан өткенді жасырады, ұмытуға тырысады. Алайда, жан жарасы уақыт өте келе қорқыныш, үрей, күйзеліс болып қайта шығады» дейді ол.

Жұлдыз ханым ата-аналарға балаға дұрыс қарау керектігін, әсіресе, қыз баласына көп көңіл бөлуге кеңес береді. Себебі зорлық-зомбылық көрген әйелдердің басым бөлігі сол жараны бала кезінде алғанын айтады.

Клиенттерімен жұмыс барысында Жұлдыз Мейірханқызы іште тұншыққан эмоцияны сыртқа шығаруға басымдық береді. Клиенттері оның алдында жылайды, кейбірі айқай арқылы жан жарасынан арылуға тырысады. Дене мен санадағы қорқынышты сезініп, оны шығару терапиясының басты тәсілдерінің бірі. Психологтың айтуынша, жан жарасы жазылмайынша, адамның өмірі алға жылжымайды.

Бұл әдістің нәтижесінде өмірі өзгеріп, өз-өзіне сенімі артқан клиенттер өте көп. Қазіргі таңда Жұлдыз ханым аптасына үш адамды қабылдайды. Әр адаммен терең әрі жауапкершілікпен жұмыс істеуді жөн көреді.

Өмірдің ауыр сынағынан өткен психолог бүгінде өз жан жарасын толықтай емдей алған жан. Үш баланың анасы, жары жанында, бақытты әйел.

Жұлдыз Мейірханқызы үшін психология – жай ғана мамандық емес, бұл – жүрекпен таңдалған жол. Өз жан жарасынан қуат алып, өзгенің де жарасын жазуға атсалысып жүрген маман қоғамға үнсіз, бірақ аса қажет қызмет етіп келеді.

**Гүлзира ТАНАБАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ
журналистика және қазақ тілі
кафедрасының меңгерушісі,
Жансая ҚОЖАТАЙ,
III курс студенті**